

"Атырау қалалық перзентханасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны

"Атырау қалалық перзентханасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнының қызметкерлер арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы №1 жиналыс хаттамасы

Атырау қаласы

«11» 06 2025 жыл

Жиналысқа қатысқан қызметкерлер: тізім бойынша

Кәсіпорың директоры: С.Туребаев

Комплаенс-офицер: Бағытұлы Н.

Қатысқандар: Кәсіпорын қызметкерлері

Күн тәртібінде

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулермен таныстыру»

Тындалды:

Комплаенс-офицер Бағытұлы Н:

Бүгінде сыбайлас жемқорлық мәселесі қоғам мен еліміздің дамуының басты мәселесі болып табылады. Біз еліміздің әрбір азаматы еліміздің өркендеуіне өз үлесін қосқанын қалаймыз. Сондықтан, сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер құру біз үшін маңызды. Аталған мәдениетті дамытып, бюджет қаражаты мен мүлкін орынды пайдалансақ, біз қазіргіге қарағанда экономиканың дамуында үлкен нәтижеге қол жеткізер едік.

Біз «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қабылданған шектеулермен» түсіндіру және таныстыру мақсатында осы дөңгелек үстел мен семинарды өткізіп отырмыз.

Бүгін біз сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама талаптарын, ұжым мен қоғамда сыбайлас жемқорлыққа жол бермейтін атмосфера қалыптастыру мүмкіндіктерін және жемқорлық құқықбұзушылық тудыратын жағдайды анықтап, жою мәселесін талқылайтын боламыз.

Сәйкесінше, сыбайлас жемқорлыққа қарсы қоғамды қалыптастыру жастарға азаматтық тәрбие берудің негізгі бөлігі болуы тиіс және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастырып, өздерінің құқықтары мен қоғам алдындағы міндеттерін білу керек.

ҚР «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының 5 бабына сәйкес, жемқорлықтың алдын алу үшін ең алдымен, сыбайлас жемқорлыққа

төзбейтін қоғам қалыптастыру. Аталған шараны жүзеге асыру құқықтық мәдениет деңгейін көтеріп, құқықтық тәрбие беруге байланысты.

Ары қарай, ақпараттық материалдар таратылып, сұрақ қойып, пікір алмасуға мүмкіндік берілді.

Сонымен қатар, **Кәсіпорын директоры Серікбек Орынбасарұлы Туребаев** сөз сөйледі:


Осы тұста, бізде қабылданған сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулермен танысып, сол шектеулерді ұстансаңыздар. Елінің болашағына уайымдайтын және қоғам алдындағы жауапкершілікті сезінетін Қазақстан Республикасының әрбір азаматы елдегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамалардың маңыздылығын түсінсе екен деймін.

Осындай біріккен шаралар арқылы мекеме қызметкерлерінің мәдениет пен патриоттық сезімін оятып, сыбайлас жемқорлыққа төзбейтін атмосфера қалыптастыруға болады.

Комплаенс-офицер:



Бағытұлы Н



Кәсіпорын директоры:



— С.Туребаев